## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Нұра ЖББМ
**Мектепалды** даярлық сыныбы
**Балалардың жасы** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** **11-апта** 09 - 13 наурыз 2025-2026 оқу жылы
**Адал азамат біртұтас тәрбие Тәуелсіздік және отаншылдық айы «Апта дәйексөздері»- «Тәуелсіздік - тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 09.03 | Сейсенбі 10.03 | Сәрсенбі 11.03 | Бейсенбі 12.03 | Жұма 13.03 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| | **Адалдық әліппесі**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларға адалдық ұғымын түсіндіру<br>Сөйлеу тілін дамыту<br>Қарапайым ойлау дағдыларын қалыптастыру<br>Әлеуметтік мінез-құлыққа үйрету: шыншыл болу, бөлісу, көмектесу<br>Ойын түрлері<br>**1«Шындық па, өтірік пе?»**<br>Тәрбиеші әртүрлі жағдайларды айтып береді:<br>«Бала ойыншықты ұрлады»<br>«Бала досына көмектесті»<br>Балалар: шын болса – иә, өтірік болса – жоқ деп көрсетеді.<br>жеңілдету:<br>2–3 жағдайдан бастау<br>Балаларға таңдау карточкаларын беріңіз 👍 / 👎<br>**2 «Адалдық әліппесі»**<br>Әріптер дыбыс арқылы әрекет көрсету:<br>А – Айт (шындықты айту)<br>Б – Бөліс<br>В – Вауа, дұрыс істедің! (мадақтау)<br>Балалар әріпке дыбысқа сәйкес қимылды орындайды. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе басқа заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес** | **Өнегелі 15 минут Ата-аналарды қарсы алу, шағын амандасу.**<br>**Кеңестер:**<br>**Мейірімділік тарихы:** Күн сайын балаңызға мейірімділік туралы қысқа әңгіме айтып беріңіз. Оған әлемдегі мейірімді адамдардың тарихын мысал ретінде келтіріңіз.<br>"Кеше мектепте немесе ойында мейірімділік жасаған кезің болды ма?" деп сұраңыз.<br>Кеңестер: | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| беру | **Үй шаруасына жауапкершілік:** Балаңызға жауапкершілік туралы айту үшін үй шаруасындағы бір міндетті бірге орындаңыз. Оған осы міндеттің маңызын түсіндіріңіз.<br>**"Құндылықтар ағашы"**<br>Бұл ойында баланызбен бірге қағаздан ағаш жасап, оның әрбір жапырағына жағымды қасиеттер мен құндылықтарды жазып шығыңыз. Мысалы: мейірімділік, жауапкершілік, адалдық. Осы жапырақтарды жапсырып, бірге талқылаңыз. Бұл баланың құндылықтар туралы ой- өрісін кеңейтеді. | | | | |
| **Балалардың дербес іс- әрекеті (қимылдық,ұлттық,сюжетті рөлдік,үстел үсті-баспа және басқа ойындар,бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)** | .**«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»**<br>**Қарамырза**<br>Ойын басталмас бұрын ,оның ережесі түсіндіріледі.Біраз уақыттан кейін ойын бастаушы ойынаушыларға « ойнаймыз» деп белгі берген кезде қатарлас отырған бірі екіншісіне: «Ассалаумағалейкум, Қарамырза !» -дейді.Ойын тәртібі бойынша сәлем салушы : «Уағалейкумассалам,бірінші қарамырза» -деп жауап беруі керек,егер « уағалейкум», -деп жауап берсе онда сәлем алушы ұтылады.<br>Сойтіп , аз дан соң ойыншылар «жеңгендер» мен «жеңілгендер» болып екі топқа бөлінеді. «жеңген»жақ «жеңілген» жаққа жаза белгілейді: ән, күй тартып, би билейді | | | **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»**<br>**Белбеу соқ**<br>Ойыншылар екі-екіден жұптасып, шеңбер жасап тұрады.Бір ойыншы белбеуді алып,екіншісін қууға тиіс.Қашқан шеңбер жасап тұрған бір жұптың алдына келіп тұрған кезде,артық қалған үшінші ойыншы шеңберді айнала қашады.Егенр қуғыншы оны белбеумен соғып үлгеріп, өзі бір жұптың алдына келіп үлгерсе,оның орнын келесі ойыншы басады | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Таңғы жаттығу кешені № 12** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | | **«Тәрбиешi апайлар»** тақпағын мәнерлеп оқу.<br>Мақсаты: Тақпағын қайталай отырып апайларын жақсы көре алады. | Тіл ұстарту жаттығулары<br>**«Теңін тап»**<br>Мақсаты:Балалар екі бірдей заттарды таба алады. | **«Дүкенші»**<br>Мақсаты: Балалар мағынасын түсініп топтасып ойнауды түсінеді. | **«Не артық»**<br>Мақсаты: Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, дәрігерге керекті заттардың суретін қоя алады. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | 1 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | |
| | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** | . **Математика негіздері**<br>Заттарды ұзындығы, ені, жуандығы бойынша салыстыру<br>**Міндеті:** -Шартты өлшемнің көмегімен үлгілен ұзынырақ (қысқа), жоғары (төмен) және оған тең заттарды табуға үйрету.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**меңгереді:** заттың ұзындығын өлшейді: «ұзынырақ», «қысқарырақ», «өлшем», жоғары –<br>төмен, жуан – жіңішке (тар – кең). сөздерін айтуды:<br>**түсінеді:** өлшемнің көмегімен ұзындықты (енді, биіктікті) қалай өлшеу керектігін: | **Сауат ашу негіздері**<br>Біз нені үйрендік, нені білдік?<br>**Міндеті:** - Дыбыс, буын, сөз ұғымдарын бекіту ұзын және қысқа сөздерге мысал келтіруге, дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** сөзден дыбыстарды атайды, үш-төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау<br>жасайды.<br>**Түсінеді:** дыбыс, сөз, сөйлемнің шартты белгілері қандай болатынын.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады, сөздің сызбасын.<br>Дидактикалық ойын: «Кім зерек?» – Балалар, көк, қызыл дөңгелектерді алыңдар да, үстел үстіне қойыңдар. | **Сауат ашу негіздері**<br>Буынға бөлу<br>**Міндеті:** - Басталған буынға буын қосып, сөз құрауға үйрету<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** сөздегі дыбыс санын анықтайды, сөздерді буынға бөледі.<br>**Түсінеді:** сөздерді қалай буынға бөлуді.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады<br>Балалар, бүгін бізге Жұмбақбай атай қонаққа келіпті. – Кімнің атасы бар? – Атаға қалай көмектесеміз? – Атаны қалай құрметтейміз? – Қарттар біздің ақылшымыз. Біз оларды қадірлеп | **Көркем әдебиет**<br>Наурыз<br>**Міндеті:** - Сұрақтарға түсініп жауап беруге үйрету.<br>Мерекелік көңіл күйді сезіндіру. Анасына сүйіспеншілігін тәрбиелеу<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды**: Наурыз мерекесі туралы өлеңді жатқа айтады:<br>**Түсінеді**: өлең мазмұнын түсінеді:<br>**Қолданады**: көркем мәтінді эмоциямен қабылдайды<br>Наурыз келді, балалар. Көктеді қыр, жағалар. Наурыз тойын тойлайық. Жаңа жылда, балалар! Балалар. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **меңгереді:** ұзындықты бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы, өлшемнің көмегімен салыстыру білігін **«Белбеуді ал»** ойындық жағдаяты. Балалар санамақтың көмегімен топтарға бөлінеді. Оларға 3-4 жұмсақ ойыншықтар беріледі. Ұзындығы мен ені әртүрлі бірнеше таспалар таратылады. Балалар белдіктерді таңдайды, сөйлеуде «ұзын – қысқа» сөздерін қолданады. Белдіктерді беттестіру мен қабаттастыру арқылы салыстырады. «Қандай фигура жоғалды» дидактикалық ойыны. Таныс фигуралар қатары (4-5 дана). Педагог балалардан көздерін жұмуды сұрайды («түн» шартты дабыл белгісін айтады), осы уақытта бір фигура алып тастайды. Содан кейін балалар фигураларды қарап және жетіспейтін фигураны атайды. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Әр жұптан жіңішке затты белгіле. Ермексаздан жуан және жіңішке баяулы жаса Тапсырманы жуан және жіңішке көгөністерді жасаумен жалғастыруға болады. Бір табаққа қалың, ал екіншісіне жұқа көгөністерді сал. 2-тапсырма. Жіңішке қарындаштарды қорāппен, жуан қарындаштарды стақанмен сызып қос. Боя | Егер мен дауыссыз дыбысты айтсам көк, ал егер дауысты дыбысты атасам, қызыл дөңгелекті көтересіңдер. Мысалы: -а-, -у-, к-, -е-, -н-, -г-, -ш-, -ш-, -з-, -х-, -ф-, -ы-, -в-, -а-, -п-, -р-, -о-, -л-, -д-, -ж-. 139 Сөзбен жұмыс. «Сөзді өлшейік» дидактикалық жаттығуы – Алақандарыңды үстел үстіне қойыңдар, енді сөзді айта бастағанда алақанның арасын аша түсеміз. Алақанның арасы жақын болса, онда біз қысқа сөз өлшедік, ал алақанның арасы алшақ болса, онда ұзақ сөз өлшегеніміз. Мысалы: көз, жаз, кітапхана, дәріхана т.б. «Дыбыстың сөз ішіндегі орнын тап» дидактикалық жаттығуы Педагог лақ, алма, тал сөздерінің сызбасын тақтаға іліп, -л- дыбысының орнын табуды тапсырады. Тақтаға бір баланы шығарады. Балалар орнында жұмыс жасайды, егер дыбыс сөздің басында болса, басында тұрған төртбұрышты, егер ортасында болса, ортасындағы төртбұрышты, ал соңында болса, соңында тұрған төртбұрышты көк түспен бояйды | күтеміз. «Қарт Жұмбақбай атайдың сендерге әкелген тапсырмасын, кәне, қалай шешеміз?» – деп, атайдың қоржынынан асықтарды алғызу арқылы балаларға тапсырмаларды орындату. – Балалар, алған асықтарыңда сандар жазылған. Сол сандардың реті бойынша суретпен жұмыс жасаймыз. Педагог қоржыннан шыққан суреттерді тақтаға іледі. – 1-ші номерде қарбыз суреті екен. Қарбыз қайда өсетінін анықтап алайық. Бақта ма әлде бақшада ма? – Жарайсыңдар, бақшада өседі екен. – Қарбыз сөзін бөліп айтайық. Нешеге бөлінді? – Қар бөлігі – бірінші буын, быз бөлігі – екінші буын. – Қарбыз неше буыннан тұрады екен, әр буынын анықтап айтыңдар. – Қарбыз сөзі екі буыннан тұрады екен, өйткені «а», «ы» дыбыстары – дауысты дыбыстар. Яғни екі дауысты дыбыс, екі буынды құрайды. Педагог балалармен күнбағыс, қызылша, картоп, қауын, қияр сөздерін буындарға бөлгізіп, жұмыс жасайды. «Жемістерді буынға бөл» дидактикалық жаттығуы Мақсаты: басталған буынға буын қосып, сөз құрап, айта білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу. Көрнекілік: үсақ жалаушалар, ойыншықтар. Ойын шарты: балалармен жеке-жеке немесе 2 топқа бөліп, өткізуге болады. Жылдам жеміс ойлап, буынға бөлу. Қай топ көп сөз ойлап буынға бөледі екен. Ойын соңында, жеңімпаз бала, анықталып, мадақталады. Мысалы: Ал-ма, ал-ша, а-нар, ал-мұрт, жү-зім, ө-рік, ба-нан, а-на-нас, ши-е, а-пель-син, ман-да-рин т.б | барша адамның көптен күтетін жыл мезгілі – көктем де келді. Көктемде Жер ана, табиғат ерекше түрленеді. Көктемде ең тамаша ұлттық мерекелердің бірі – Наурыз мерекесін тойлаймыз. Наурыз – жыл басы. Наурыз сөзі – жаңа күн, жаңа жыл деген мағынаны білдіреді. – Бүгін ақын Қастек Баянбайдың «Наурыз» өлеңімен танысамыз (соңындағы қосымшадан қараңыз). Сөздік жұмысы: сәске – түс мезгілі секілді – уқсайды сары уыз – жаңа бұзаулаған сиырдың қоймалжың сүті Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Өлеңде не туралы айтылған? Өлең авторы кім? – Ағаштар қай мезгілде бүршік жарады? – Наурыз мерекесі қай уақытта тойланады? – Қай уақытта малдар төлдейді? «Сары уыз» деген не? Дидактикалық ойын: «Не жоқ» (ойлау қабілетін дамыту) Шарты: балалар көздерін жұмады. Педагог бір ұлттық киімді жасырады. Балалар [illegible] атын атайды. Мысалы: сәукеле, тақия, камзол т.б. |

**«Үнемді тұтыну»- Мақсаты: Суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру**
**Үнемдей білуге ұқыптылыққа тәрбиелеу**

| | | |
|---|---|---|
| **ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ** Үнемдеу маңыздылығы: Энергияны дұрыс пайдаланбау климат өзгерісіне алып келеді. Электр қуатын үнемдеу табиғатты сақтап, өмірімізді жақсартуға көмектеседі.<br>Жадынама:<br>1.Қажет емес кезде жарықты сөндіріңіз. Теледидар, компьютерді күту режимінде қалдырмаңыз.<br>2. Энергияны үнемдейтін шамдар: Жарық шамдарын энергия үнемдейтін түріне ауыстырыңыз.<br>3. 4.Табиғи жарық қолдану. Құрылғыларды электр тоғына қосылған күйінде қалдырмаңыз.<br>5. Артық қуат тұтынатын құрылғыларды пайдаланбаңыз немесе жаңартыңыз. |   | **Нұсқаулықтар:**<br>1. Бөлмеден шыққан кезде жарықты өшіруді әдетке айналдырыңыз.<br>2. Қолданылмай тұрған кезде компьютер мен теледидарды өшіріп қойыңыз.<br>3. Энергияны үнемдейтін шамдарды қолдану арқылы электр энергиясын азайтыңыз.<br>4. Күндізгі уақытта терезелерді ашып, табиғи жарықты пайдаланыңыз.<br>5. Қолданбайтын электр құрылғыларын розеткадан ажыратып тастаңыз.<br>6. Энергияны көп тұтынатын құрылғыларды тексеріп, оларды тиімдірек модельдерге ауыстырыңыз. |

**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тіл дамыту**<br><br>**Міндеті:** | **Қазақ тілі**<br>Автобус **кір.09.03**<br>Ұшақ<br>**Міндеті :** - Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>-Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ө, қ, ү, і, ғ, ң дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. **(кір.09.03)**<br>Фонематикалық естуді дамыту сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды**: Автобус – жол көлігі екенін білді;<br>Түсінеді:Мамандықтарды өз көліктеріне қарай тиістісін сәйкестентіреді;<br>**Қолданады:** Әңгімелейді, өмірмен байланыстыра алады; | **Математика негіздері**<br>Мен не білемін және не істей аламын?<br>**Міндеті:** -Санау, заттар санын цифрмен сәйкестендіру, үлгіден ұзынырақ (қысқа), және оған тең заттарды табуды үйрету<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**меңгереді**: пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауын атауды: текше, шар, цилиндр;<br>**түсінеді**: пішіндер мен денелердің арасындағы айырмашылықтарды;<br>**қолданады**: геометриялық пішіндер мен денелерді танып, қоршаған ортадан осындай пішіндегі заттарды табуды. Өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету<br>«Қандай цифр (фигура) жойылды» дидактикалық ойыны. Таныс | **Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Менің елімнің салт дәстүрі<br>Жаяу жүргіншілер ережелері<br>**кір.09.03**<br>**Міндеті:** - Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы білімдерін кеңейту. Балаларға өздері білетін халқымыздың салт-дәстүрлері туралы айтқызу.<br>- Жаяу жүргіншілер ережесін меңгертуді жалғастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>• жол ережесін сақтау үшін, үнемі жол белгілері білуге арналған тапсырмаларды **орындайды/жасайды;**<br>• көшеде тәртіп сақтау керектігін **түсінеді;**<br>• қоршаған ортада өзін дұрыс ұстау дағдыларын **қолданады**<br>**Өзі сөйлей білмейді. Бірақ «Тоқта, жүр!» – дейді. – Бағдаршам.** «Бағдаршам» ойыны. (QR-код арқылы қосымшаны | **Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Менің елімнің салт дәстүрі<br>Жаяу жүргіншілер ережелері<br>**кір.09.03**<br>**Міндеті:** - Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы білімдерін кеңейту. Балаларға өздері білетін халқымыздың салт-дәстүрлері туралы айтқызу.<br>- Жаяу жүргіншілер ережесін меңгертуді жалғастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>• жол ережесін сақтау үшін, үнемі жол белгілері білуге арналған тапсырмаларды **орындайды/жасайды;**<br>• көшеде тәртіп сақтау керектігін **түсінеді;**<br>• қоршаған ортада өзін дұрыс ұстау дағдыларын **қолданады**<br>**Өзі сөйлей білмейді. Бірақ** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Автобус – жүргізушісімен қоса есептегенде 9 және одан да көп адамды алып жүруге арналған, корабы вагон түріндегі автомобиль.** **Автобус қалалық, қала маңы, қала аралық, жергілікті және т.б. болып бөлінеді.**<br>**Автобуста қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет.** Автобусты күтіп, кезекке тұру керек, оның басталуы жолдан бірнеше метр қашықтықта орналасқан. Автобусқа кірер алдында оның толығымен тоқтап, есіктердің ашылуын күту керек. Баланы автобус ішіндегі жүргізушінің нұсқауларын орындауға үйрету керек. Егер автобуста қауіпсіздік белдіктері болса, оларды мәшинедегідей етіп бекіту керек.<br>Балаларға автобуста жүгірмеу, секірмеу немесе еңтеңе тастамау керектігін түсіндіру керек, себебі бұл жүргізушінің назарын аударуы мүмкін. Сабырмен, асықпай, тәртіпті сақтай отырып, отыру орындарына жиналуды үйренеміз.<br>Жақындап келе жатқан автобустың алдынан шықпау қажет.<br>**Жұмбақ:** Арқасында ауыл жүр, Ала тайым шауып жүр.*(Автобус)* | цифрлардан сандық қатар түзіледі. Педагог балалардан көздерін жұмуды сұрайды («түн» шартты дабыл белгісін айтады), осы уақытта бір цифрды алып тастайды. Содан кейін балалар көзін ашып, қай цифр жоғалғанын атайды. Ойын фигуралармен қайталанады. Содан кейін Педагог «Артық, кем, тең» ойынын ұйымдастырады. Ол үшін ойыншықтар немесе санау материалдарының топтарын орналастырады және қай жерде артық, кем немесе тең екенін салыстыруды сұрайды. Балалар мұны санау негізінде де, элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы арқылы да жасайды. Тақтаға геометриялық фигуралардан құралған ағаштардың суреті ілінеді. Педагогтің үстелінде – көлемді фигуралардан жасалған құрылыстар туралы. Геометриялық фигуралар елінде ағаштар да ерекше пішінге ие болады. – Қандай фигураларды көріп тұрсыңдар? Атаңдар.<br><br>Балалар суреттерге қарайды, геометриялық фигураларды атайды | жүктеу) Интербелсенді тақтамен жұмыс: Балалар қандай жол белгілерін білетіндерін айтады, педагог толықтырады. Олар: автокөлікке арналған жаяу өтпе жол белгісі, жерасты жаяу жүргіншілер жол белгісі, велосипедпен жүруге тыйым салу белгісі, жаяу жүргіншілер қозғалысына тыйым салу белгілері, дыбыстық тыйым салу белгісі. – Жол белгілерінің айырмашылықтарын атаңдар. – Тыйым салу белгілері қызыл түспен қоршалған, көрсеткіш белгілер көк түспен белгіленген. Балалар жол жиегінде доп ойнап жүрген сурет арқылы жол жиегінде ойнауға болмайтындығын, жолдан бағдаршам арқылы, егер бағдаршам болмаған жағдайда «Жаяу жүргінші өтетін жер» белгісін тауып, сол жерден өту керектігін айтады. – Бағдаршамда неше түс бар? – Бағдаршамның үш түсі бар. –Сары түс жанғанда қозғалысты бастай беруге бола ма? Қызыл түс нені білдіреді? Жасыл ше? (Балалардың жауаптары тыңдалады). – Жаз мезгіліндегі, қыс мезгіліндегі жолдардың айырмашылығы неде? – Жазда жол құрғақ болады, қыста қар жауғандықтан тайғақ болуы мүмкін. – Қай мезгілде | **«Тоқта, жүр!» – дейді. – Бағдаршам.** «Бағдаршам» ойыны. (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу) Интербелсенді тақтамен жұмыс: Балалар қандай жол белгілерін білетіндерін айтады, педагог толықтырады. Олар: автокөлікке арналған жаяу өтпе жол белгісі, жерасты жаяу жүргіншілер жол белгісі, велосипедпен жүруге тыйым салу белгісі, жаяу жүргіншілер қозғалысына тыйым салу белгілері, дыбыстық тыйым салу белгісі. – Жол белгілерінің айырмашылықтарын атаңдар. –Тыйым салу белгілері қызыл түспен қоршалған, көрсеткіш белгілер көк түспен белгіленген. Балалар жол жиегінде доп ойнап жүрген сурет арқылы жол жиегінде ойнауға болмайтындығын, жолдан бағдаршам арқылы, егер бағдаршам болмаған жағдайда «Жаяу жүргінші өтетін жер» белгісін тауып, сол жерден өту керектігін айтады. – Бағдаршамда неше түс бар? – Бағдаршамның үш түсі бар. – Сары түс жанғанда қозғалысты бастай беруге бола ма? Қызыл түс нені білдіреді? Жасыл ше? (Балалардың жауаптары тыңдалады). – Жаз мезгіліндегі, қыс мезгіліндегі жолдардың айырмашылығы неде? – Жазда жол құрғақ болады, қыста қар жауғандықтан тайғақ болуы мүмкін. – Қай мезгілде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | <br>Балалар бұл ненің даусы?<br>-Бұл көліктің дауысы.<br>- Жарайсыңдар, балалар; бүгін біздер көліктер туралы әңгімелесетін боламыз.<br>- Балалар көліктердің бірнеше түрлері бар. Әуеде ұшатын, суда жүзетін, жерде жүретін.<br>- Мынау әуеде ұшатын көлік<br>- Бұл ұшақ.<br>-Ал мынау суда жүзетін<br>Бұл кеме<br>- Ал енді балалар осы көліктердің ішінен автобуска тоқталамыз.<br>-Бұл автобус.<br>Енді балалар қарандарыңы осы автобусты сипаттайық.<br>-Автобустың түсі қандай?<br>-Автобустың түсі қызыл.<br>-Автобустың пішіні қандай?<br>-Автобустың пішіні төртбұрыш.<br>-Автобустың терезелері қандай пішінді?<br>-Төртбұрыш<br>-Ал мынау автобустың есігінің ішінен адамдар кіреді.<br>-Автобустың адамдарға беретін пайдасы қандай?<br>-Автобус адамдарды баратын жерлеріне жылдам апарып тастайды | | | мәшине тез тоқтап үлгіреді. қыста ма, жазда ма? Неге? – Жазда. Өйткені қыста жол тайғақ болады. – Жаяу жүргіншілер жолы қалай аталады? – Жаяужол. Сөздік жұмыс: жаяужол. «Жолдан өту» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Топтық жұмыс. «Жол белгілерін табу» ойыны. Жағдаятты шешу: «Желаяқ бүгін үйден шығып, футбол ойнағысы келді, бірақ аулада ешкім болмады. Желаяқ допты лақтырып жіберді, ол жолға қарай домалап кетті. Өткен-кеткендер Желаяққа ұрыса бастады, бірақ Желаяқ таңғалды, өйткені ол үлкендердің неге ұрысқанын түсінбеді». Балалар педагогпен бірге жол жағдайын талдайды, қауіпсіздік ережелерін еске түсіреді. Желаяқ содан кейін көшені кесіп өткісі келді, бірақ мәшинелардың тежегіштері шиқылдап, жүргізушілер Желаяққа айғайлай бастады. Олар неге айғайлады? – Желаяқ түсінбеді. –Кәне, Желаяққа түсіндірейік. Балалар көшеден қалай дұрыс өту керектігін түсіндіреді. Интербелсенді тақтамен жұмыс: «Жаяу жүргінші ережелері» Жаяужолдың шетіне тұруға болмайды. Көлікке арналған жолда ойнама. Жаяу жүргіншілер жолынан өтерде, телефонмен сөйлеспе. Жаяу жолмен жүргенде, оң жақ бетті ұстап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Жолды анықтап қарап алмайынша, бұталар түбінен жүгіріп шығуға болмайды. Жолдан тек жаяу жүргіншілерге арналған жолдан, бағдаршамның жасыл түсіне өтуге болады. |
| **Үлкен үзіліс: «Күй күмбірі» « Адай» күйі**<br>**Мақсаты: Түрліше сипаттағы музыканы сүйсіне тыңдап, тани білуге ынтасын дамыту,** | | | | | |
|  | |   | |  | |
| **3 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру**<br><br>**Міндеті:** | **Көркем әдебиет**<br>Әже<br>**Міндеті:** -Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету. Тілдік ойлау қабілетін дамыту. Отбасын құрметтеуге тәрбиелеу<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** өлеңді мәнерлеп, жатқа оқиды;<br>**Түсінеді:** өлең мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады:** сұрақтарға түсініп жауап береді<br>Мені жақсы көреді.<br>Күндей күліп келеді.<br>Көп ертегі біледі.<br>Маған айтып береді.<br>– Біз кім туралы тақпақ айттық? (Әже туралы)<br>Әже қандай адам? Әженің | **Тіл дамыту**<br>Менің анам<br>-Мамандықтың бәрі жақсы кір.09.03<br>**Міндеті:** -Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** өз аналарын суреттеу арқылы әңгіме құрайды, сөзге дыбыстық талдау жасайды;<br>**Түсінеді:** өлеңде кім туралы айтылғанын түсінді;<br>**Қолданады:** мақалды үш дауыста айтуды, тақпақты тез жаттап алуды.<br><br>-Адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту<br><br>«Ананың сүті – бал, баланың тілі бал» | **Музыка**<br>Домбыра сазы<br>**Міндеті:** - Қазақтың қасиетті аспабы домбыраны қастерлей білуге, күй құдіретін түсіне білуге ұмтылдыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеусіз, жеке немесе топпен әндерді орындайды.<br>**Түсінеді:** домбыраның, күй үнінің ерекшелігін түсінеді.<br>**Қолданады:** әуенге лайық қимылдарды жасайды, ойын кезінде қолданады, аспаптарда ойнайды.<br><br>**Музыка тыңдау:**<br>«Келіншек» к.х.к. (өңд. Ы. Дәлденбай) | **Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br>Наурыз ашық хаты<br>**Міндеті :** - анаға арнап ашықхат жасай білуге үйрету. балаларды өз аналарын және барлық басқа да аналарды құрметтеуге тәрбиелеу<br>- Ойдан өзбетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау<br>-- Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | есімі кім? Әжең сені калай еркелетеді? Педагог балалардан жакында кандай мереке келе жатканын сұрайды. – Көктемнің ең алғашкы мерекесі – аналар, әжелер, кыздар мерекесі. – Бүгін акын Әбубәкір Қайранның «Әже» өлеңімен танысамыз. Педагог өлеңді мәнерлеп окып береді, мазмұнын түсіндіреді (соңындағы косымшадан караңыз). Өлең мазмұны бойынша сұрак-жауап: – Өлең авторы кім? Өлең кімге арналған? Әже баланы калай оятады? – Әже кандай киім киеді? Бала әжесіне кандай тілек тілейді? – Сен әжеңе кандай сөздер айтар едің? 80 Сөздік жұмысы: кимешек – әйел адамның ұлттық баскиімі жаулык – кимешектің сыртынан тартатын орамал | Педагог балаларга макал-мәтелді көтеріңкі дауыспен, орта дауыспен, төмен дауыспен кайталатады Педагог «Ана» сөзіне дыбыстык талдау жасауды ұсынады. А – жуан дауысты. Н – үнді дауыссыз. А – жуан дауысты. Дидактикалык ойын: «Анама сыйлык». Дәптермен жұмыс. Дәптердегі тапсырманы орындау. Анасына таңдаған әшекейді түрлі түсті каламмен бояйды. Әшекей бұйымды кай жерге тағатыны, калай аталатыны туралы айтып береді. | Ән айту:<br>«Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев)<br>«Анашым» (Е. Хасанғалиев)<br>Музыкалык-ырғактык кимылдар: «Айна» орыс х.ә. (өңд М. Раухвергер)<br>Билер: «Анатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар:<br>«Кос дабыл» (А. Райымкұлова)<br>Музыкалык аспапта ойнау:<br>«Үйыкташы, бөпешім»<br>(В. Агафонников) | заттарды кию<br>- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толыктыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп аткару<br>**Топтык жұмыстар** |

**Қауіпсіздік сабағы : «АБАЙЛАҢЫЗ,ТЕРЕЗЕ!»**

**Максаты: балаларға жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін, терезелердің жанында өзін ұстаудың қауіпсіздік ережелерін үйрету.**

| | | |
|---|---|---|
| Терезелералдындағыкауіптер: Педагог кауіпсіздік ережелерін сактамаған жағдайда терезелер кауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіреді. Мысалы, «Егер ашык терезеге тым жакын болсаңыз, құлап кетуіңіз мүмкін», «Тереземен ойнауға немесе терезе үстінде/алдында секіруге болмайды». Терезе маңындағы тәртіп ережелері: 1-ереже. Ешқашан ашык терезеге жакындамаңыз.Түсіндіру: «Егер терезе ашык болса, одан аулак болыңыз». 2-ереже. Терезе үстінде/алдында ойнамаңыз. Түсіндіру: «Терезенің алдында ойнауға болмайды, тайғак болып, құлапкалуыңыз мүмкін». 3-ереже. Ересектердің рұксатынсыз терезелерді ашпаңыз. Түсіндіру: «Терезені ашпас бұрын үлкендерден рұксат сұраңыз». 4-ереже. Егерсіз ашык терезені | **Пайдалы сілтемелер:**<br>**https://www.youtube.com/watch?v=w4ZO1NXCl9E&list=PLA5eCSY2FeoQFtm Gao7lWQuIA-hK_6ODD&index=1 https://orken-instituty.kz/ru/dashboard/cpsp-material/poleznye-materialy-cpsp**<br> |  |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| көрсеңіз, ересектерге айтыңыз. Түсіндіру: «Егер сіз ашық терезені байқасаңыз, бұл туралы дереу ересектерге айтыңыз». «Қауіпсіз терезелер» бейнероллигін көрсету Бейнероликті талқылау және «Терезенің жанында не істеуге болмайды» ойынын ойнау: Тәрбиеші әртүрлі әрекеттерді атайды (мысалы, «Ашық терезеге бару», «Терезеде ойнау», «Терезеден қарау»), балалар аталған әрекеттерді істеуге болатынын немесе болмайтынын айтуы керек. Болмайтын болса, «Болмайды!» деп себебін түсіндіреді. | | | |  | |
| **4 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Дене тәрбиесі**<br><br>**Міндеті:** | **Музыка**<br>Ана – өмір шырағы<br>**Міндеті : -** Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындайды, музыканың сипатына сәйкес қозғалады.<br>**Түсінеді:** әннің мазмұнын түсінеді.<br>**Қолданады:** таныс әнді музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды<br>Музыка **тыңдау:**<br>«Анам болшы, анашым» (Б. Қабиева)<br>Ән айту:<br>«Анашым» (Е. Хасаңғалиев)<br>«Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт)<br>Билер: «Киіз басу» («Келіншек» халық күйі, өңдеген Б. Дәлденбай) | **Дене тәрбиесі**<br>Бізбен бірге және бізден артық орында<br>Ұлттық ойындар **кір.09.03**<br>**Міндеті: -**Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру<br>-Ұлттық қимылды ойындарды ойнату<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды<br>**Түсінеді:** ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру<br>**Қолданады:** ұлттық ойындарды ойнайды<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Шарбақ» (4рет).<br>Ойыншылар бір-бірінің қолдарынан ұстанып, төрт-төрттен бір-біріне қарама-қарсы қатарға тұрады.<br>Орыс халық әуендерімен әр қатар қарама-қарсы қатардағы балаларға барып иіледі. Сосын өз орнына қайтып келеді. Көңілді әуен басталғанда бар білетін қимылдарын жасап, балалар шашырап, секіріп билей бастайды. Музыка тоқтай | **Қазақ тілі**<br>Автобус **кір.09.03**<br>Ұшақ<br>**Міндеті** : - Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>-Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ө, қ, ү, і, ғ, ң дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**(кір.09.03)**<br>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды**: Автобус – жол көлігі екенін білді.<br>**Түсінеді**:Мамандықтарды өз көліктеріне қарай тиістісін сәйкестендіреді.<br>**Қолданады:** Әңгімелейді, өмірмен байланыстара алады.<br><br>**Автобус** – жүргізушісімен қоса есептегенде 9 және одан да көп адамды алып жүруге арналған, қорабы вагон түріндегі автомобиль. | **Дене тәрбиесі**<br>Эстафета<br>**Міндеті: -**Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** Балаларды жарыс элементтері бар ойындар ойнау<br>**Түсінеді:** эстафеталық ойындарға қатысу<br>**Қолданады** ойындар ойнайды<br>**«Тақиятастау»**<br>Көлденең нысанаға асықты 3 м қашықтықтан лақтыру.<br>«Қолын түзеп жанын барып, төменнен лақтыру» тәсілін қолданады.<br>Бастапқы қалыпта аяқтарын иық шығыңқы деңгейде қойып, оң аяқты артқа қалдырып, оң қолды кеуде тұсында шынтақтан бүгіп артқа төмен сермеп барып, жоғары қарай алдыға лақтырады<br><br>«Дегелек» ойыны.<br>Түстерін алдан бүгіп, шығып |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | «Полька» (эстон халық биі)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Балақан да алақан» (О. Байділдаев)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Күншуақ» (Е. Құсайынов) | қалғанда әр қатар өз орнына қатарға тұра қалуы керек. Олар айқастырып қол ұстасып, «шарбақ тоқиды».<br><br>**«Тентек доп» – армян халқының ойыны. (4 рет).**<br>**Ортаға диаметрі 3-4 м үлкен шеңбер сызады. Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Бір топ шеңбер ішіне кіреді, екінші топ шеңбер сыртына бір-бірінен бірдей арақашықтықта** орналасады. Жүргізушіден доп алған соң, сырттағы ойыншылар – шабуылшылар<br>шеңберден асырып, бір-біріне доп лақтыра бастайды. Допты үш рет лақтырғаннан кейін барып қана шабуылшылар шеңбер ортасындағы қорғаушылар ды ата бастайды. Қорғаушылар болса, тек үстілерінен үш рет доп өткен соң ғана одан қашып, тигізбейді.<br>Бірақ, допты қағып алуға тырысады. Қорғау сәтті өтсе, ойыншылар рөлдерін ауыстырады | Автобус қалалық, қала<br>маңы, қала аралық, жергілікті және т.б. болып<br>бөлінеді.<br>Автобуста қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет.<br>Автобусты күтіп, кезекке тұру керек, оның басталуы жолдан бірнеше метр қашықтықта орналасқан. Автобусқа кірер алдында оның толығымен тоқтап, есіктердің ашылуын күту<br>керек. Баланы автобус ішіндегі жүргізушінің нұсқауларын орындауға үйрету керек. Егер автобуста қауіпсіздік белдіктері болса, оларды мәшинедегідей етіп бекіту керек.<br>Балаларға автобуста жүгірмеу, секірмеу немесе еңтеңе тастамау керектігін түсіндіру керек,<br>себебі бұл жүргізушінің назарын аударуы мүмкін.<br>Сабырмен, асықпай, тәртіпті сақтай отырып, отыру орындарына жиналуды үйренеміз.<br>Жақыннан келе жатқан автобустың алдынан шықпау қажет.<br>**Жұмбақ:** Арқасында ауыл жүр,<br>Ала тайым шауып жүр.*(Автобус)*<br><br>-Балалар<br>бұл ненің даусы?<br>-Бұл көліктің даусы.<br>- Жарайсыңдар, балалар, бүгін біздер көліктер туралы әңгімелесетін боламыз.<br>- Балалар көліктердің бірнеше түрлері бар. Әуеде ұшатын, суда жүзетін, жерде жүретін.<br>- Мынау әуеде ұшатын көлік | аздап алдыға еңкейтіп, қолдарын төмен салбыратып, алдыға қарап тұрды.<br>Тізесін бүккен бір аяғын көтереді де, шаңғыны көлденең ұстап, кідіріс жасайды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | - Бұл ұшақ.<br>-Ал мынау суда жүзетін<br>Бұл кеме<br>- Ал енді балалар осы көліктердің ішінен автобуска токталамыз.<br>-Бұл автобус.<br>Енді балалар карандаршы осы автобусты сипаттайык.<br>-Автобустың түсі кандай?<br>-Автобустың түсі кызыл.<br>-Автобустың пішіні кандай?<br>-Автобустың пішіні тортбұрыш.<br>-Автобустың терезелері кандай пішінді?<br>-Тортбұрыш.<br>-Ал мынау автобустың есігінің ішінен адамдар кіреді.<br>-Автобустың адамдарға беретін пайдасы кандай?<br>-Автобус адамдарды баратын жерлеріне жылдам апарып тастайды | |
| **Серуенге дайындык** | Киімдерді реттілікті сактап дұрыс киінуге үйрету. | | | | |
| | | | | | |
| **Серуен** | | **Наурыз**<br>Серуен-Бакылау №7<br>**Серуен бакылу:**<br>Шырша ағашын бакылау<br>Максаты:<br>— Қаламызда осетін ағаштармен таныстыруды жалғастыру;<br>— Шырша ағашын баска ағаштармен салыстыру;<br>— Ағаштардың коктемгі озгерістері туралы білімдерін молайту.<br>**Жеке жұмыс**<br>Коркем сөз «Жасыл шырша» К. | **Наурыз**<br>Серуен-Бакылау №8<br>**Серуен бакылу:**<br>Су тамшыларын бакылау<br>Максаты:<br>—температураға байланысты су күйінің озгеруі туралы білімдерін тиянактау;<br>—зерттеу кызметін өз бетінше орындай білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Жеке жұмыс**<br>Коркем сөз «Сүңгілер» А. Меңдібай<br>Күн сәулесін токті кеп.<br>Кар да ери бастады.<br>Шатырынан әр үйдің. | **Наурыз**<br>Серуен-Бакылау №9<br>**Серуен бакылу:**<br>Күнді бакылау<br>Максаты: күн энергиясының адамдар, осімдіктер және жануарлар омiрiне әсері туралы білімдерін бекіту.<br>Бакылау барысы<br>Тәрбиеші жұмбактар жасырады.<br>Үлкен алтын табактан,<br>Әлемге нұр тараткан. (күн)<br>Алауға оранып,<br>Кокке өрлеп шығады.<br>Бір айналып оралып. | **Наурыз**<br>Серуен-Бакылау №9<br>**Серуен бакылу:**<br>Күнді бакылау<br>Максаты: күн энергиясының адамдар, осімдіктер және жануарлар омiрiне әсері туралы білімдерін бекіту.<br>Бакылау барысы<br>Тәрбиеші жұмбактар жасырады:<br>Үлкен алтын табактан,<br>Әлемге нұр тараткан.<br>(күн)<br>Алауға оранып. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Әзірбаев**<br>Қанша заман өткенімен,<br>Ескірмейтін асыл шырша.<br>Алатаудың көктемімен,<br>Доссың ғой сен, жасыл шырша.<br>Өзгермейсің қыс келсе де,<br>Бояуыңды оңдырмайсың.<br>Аяз шымшып, тістесе де,<br>Жапырағыңды тоңдырмайсың.<br>Балаларға сұрақтар:<br>*Шырша ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы неде?<br>*Балалар шырша ағашын неге жақсы көреді?<br>*Шырша ағашы туралы қандай жұмбақтар білесіңдер?<br>Тәрбиеші әңгімесі: Шырша ағашы адамға өте ұнамды, қуаныш сыйлайтын ағаш. Шыршаны ойыншықтармен безендіріп, жаңа жылды қарсы аламыз. Өкінішке орай, біздің осындай қиянаттарымыздан шырша орманы сиреп барады. Қазір шыршаны кеспі, бүлдірмес үшін, жасанды шыршалар шығарылды. Қаламыз да шырша ағаштары отырғызылып, қала көшелеріне сән беруде.<br>Шыршаны тек қана [illegible] емес, жан-жануарлар мен құстар да жақсы көреді. Қалың шырша орманында аю лар апанын, тиіндер ін дерін, құстар ұяларын салады.<br>Зерттеу жұмысы: шырша ағашын маңайдағы басқа ағаштармен салыстыру, ерекшеліктерін атау.<br>**Еңбек**: шырша ағашының айналасын тазалау.<br>Мақсаты: ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген | Төмен қарап салбырап,<br>Мұз сүңгілер аспалы.<br>Жеке жұмысПайда бола бастады.<br>Тырс - тырс тамып тамшылар,<br>Тынымсыз жерге тамады.<br>Қардың суы еріген,<br>Сай қуалай ағады.<br>Балаларға сұрақтар<br>♦ Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? (күн бетте)<br>♦ Неге? (күн бетте күн қатты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады)<br>♦ Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? (қысқарады, аяз бен желден олар сынады)<br>♦ Шуақты күні ше? (өседі)<br>♦ Қай беттегі сүңгілер тез ериді? (күн беттегі, себебі күн мұзды қыздырады да, ол суға айналады)<br>Қәнекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке беттегі сүңгінің астына, екінші ыдысты күн беттегі сүңгінің астына қояйық. Қай ыдысқа су көп жиналады екен. Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай ыдыста су көп, қай ыдыста аз жиналған.<br>**Еңбек**<br>Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу.<br>Мақсаты: кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын**<br>«Аяғыңды сулама»<br>Мақсаты:<br>—Кедергілен секіріп өте білу және шапшаңдық жүгіре білу дағдыларын бекіту.<br>Жаттығу ойыны. Қол қақтарын дамыту | Көкжиекке бұғады. (күн)<br>Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады.<br>*Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады?<br>*Күн қай жақтан шығады?<br>*Қай жаққа батады?<br>*Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма?<br>*Неге?<br>***Жеке жұмыс***<br>Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады?<br>Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме?<br>Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? (қоңыр түсті әйнекпен)<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу.<br>Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.<br>**Қимылды ойын** «Күн мен түн».<br>Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу.<br>Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру.<br>Мақсаты:секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту.<br>Мақал-мәтел:<br>Сәуір болса күн күркірер,<br>Күн күркіресе, көк дүркірер.<br>Сәуірдегі жауын-сауын тұрған сауын.<br>Еркін ойындар балалардың қаалауы бойынша | Көкке өрлеп шығады.<br>Бір айналып оралып,<br>Көкжиекке бұғады. (күн)<br>Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады.<br>Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады.<br>*Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады?<br>*Күн қай жақтан шығады?<br>*Қай жаққа батады?<br>*Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма?<br>*Неге?<br>***Жеке жұмыс***<br>Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады?<br>Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме?<br>Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? (қоңыр түсті әйнекпен)<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула [illegible]шыға көмектесу.<br>Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.<br>**Қимылды ойын «Күн мен түн».**<br>Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу<br>Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру.<br>Мақсаты:секіре білулерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | құлшыныстарын арттыру.<br>**Қимылды ойын**: Доппен ойын.<br>Мақсаты :Қозғалыс координацияларын дамыту..<br>Жаттығу ойыны<br>Доппен жаттығу.<br>Мақсаты: допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру.<br>Мақал-мәтел:<br>-Орман ел дәулеті, жер сәулеті.<br>-Аяламасаң ағаш та, аспандап өспес.<br>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша | Мақсаты: қозғалыс уақытында өздерін сақтандыра білуге оқыту.<br>Халық болжамы: Мұз сүңгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады<br>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша | | күштері мен көз өлшемдерін дамыту.<br>Мақал-мәтел:<br>Сәуір болса күн күркірер,<br>Күн күркіресе, көк дүркірер.<br>Сәуірдегі жауын-сауын тұрған сауын.<br>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімін ретімен шешу өз-өздеріне қызмет ету | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | **Жеке баламен жұмыс:**<br>**Алтай Айзере**<br>«Отбасының күзгі еңбегі»<br>**Мақсаты:** Отбасымен бірге күзгі еңбекке баулу.<br>Суреттер бойынша әңгімелеу.<br>Сөздік қорларын дамыту.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Қарым- қатынас іс –әрекеті | **Жеке баламен жұмыс: Райс Дастан** құрастыруға деген қызығушылығын арттыру.<br>**Құрастыру**<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | **Жеке баламен жұмыс: Ахметжан Аяулым** қаламды дұрыс ұстауға үйрету.<br>**Қоршаған ортамен таныcу**<br>Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті | **Жеке баламен жұмыс:**<br>**Берік Шахнұр**<br>«Автобус»<br>**Мақсаты:** Автобус туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Сурет салу**<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті |
| **Балалардың іс- әрекеті ( ойын,танымдық, коммуникативтік,шығармашылық,экспериментальдық, еңбек,қимыл,бейнелеу,дербес және** | | **ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЫНДАР**<br>**Мен қандай адаммын ?**<br>**Мақсаты:** Топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнату, қарым - қатынастың белсенді стилін және кері байланыс немесе алу тәсілдерін меңгеру;<br>Әр қатысушы өзінің жағымды, жағымсыз қасиеттерін айтады. Сол бойынша қорытынды жүргізіледі. | **Қаржылық сауаттылық**<br>**Ойын:** «Жина немесе жұмса»<br>**Мақсаты:**<br>Үнемдеуді үйрету<br>Сабырмен күте білу дағдысын дамыту<br>**Ойын барысы:**<br>Екі сурет көресетініз: ойыншық және жинақ сандығы<br>**Таңдату:** қазір жұмсай ма, әлде жинай ма?<br>**Түсіндіру:**<br>"Жинасаң — кейін үлкен зат аласың." | **Қаржылық сауаттылық**<br>**Ойын:** «Қажет пе, қажет емес пе?»<br>**Заттарды атаңыз:**<br>Нан<br>Сүт<br>Кәмпит ✕ (жиі емес)<br>Ойыншық ✕<br>Балалар екі топқа бөледі.<br>Бұл ойын баланың дұрыс таңдау жасауын дамытады.<br>**Нәтижесінде бала:**<br>Ақшаның не үшін керек екенін түсінеді<br>Үнемдеу туралы алғашқы ой | **Ойын: «Әуедегі атыс» қимылды ойыны**<br>**Мақсаты:** Топпен қарым-қатынасты ынтайту, тез қимылдау.<br>**Ойынның шарты:** Бұл сайыста оқушыларды екі топқа тең бөлесіз. 1-топқа бірыңғай қызыл түс (өз қалауыңыз бойынша да таңдауға болады), 2-топқа жасыл түсті үрленген шар беріп, екі команданың арасын түзу сызық етіп бормен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **басқалары)*** | |  | **Нәтижесінде бала:**<br>Ақшаның не үшін керек екенін түсінеді<br>Үнемдеу туралы алғашқы ой қалыптасады<br>Дұрыс таңдау жасауға үйренеді | қалыптасады<br>Дұрыс таңдау жасауға үйренеді | сызып қоясыз. Музыка ырғағымен екі команда өз шарларын қарсылас команда жаққа лақтыру керек. Қай топ жылдам сол жеңіске жетеді<br>  |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Өнегелі 15 минут Ата-анаға кеңес**<br>Балаға тәртіпті **қорқыту арқылы емес, түсіндіру арқылы** үйретіңіз.<br>Үйде қарапайым ережелер болсын (ойыншықты жинау, үлкенді тыңдау, кезек күту) және оларды **үнемі сақтауға өзіңіз үлгі болыңыз**.<br>Жақсы тәртіп көрсеткен кезде міндетті түрде **мақтап, қолдап отырыңыз**.<br>Ережелерді ойын арқылы түсіндіріңіз (рөлдік ойындар, ертегі, сурет салу).<br>Бала қателессе, ұрыспай, **неліктен дұрыс емес екенін сабырмен айтып беріңіз**. | | | | |

Тексерілді: [signature]